

обязательным является предоставление всем возможности высказаться, а также подведение итогов и выводов лицами, руководящими диалогом. Ученики на уроках стали работать самостоятельно и даже просили не помогать им по той причине, что они сами хотят узнать свои возможности. Виды рефлексии, которые я использую это: графическая, 2 звезды одно пожелание ,fingers , 3 победы 1 действия, светофор , smiles , гора знания и т.д.

Подводя итог выступления, хотелось бы выделить, что обновленное содержание образования дает возможность ученикам развивать свои знания, умения, навыки на практике, развивают самостоятельность,самообучения методы лучше вводить постепенно, воспитывая у учащихся культуру дискуссии и сотрудничества.Уроки с использованием активных методов обучения интересны не только для учащихся, но и для учителей. Но бессистемное, непродуманное их использование не дает хороших результатов. Поэтому очень важно активно разрабатывать и внедрять в урок свои авторские активные методы в соответствии с индивидуальными особенностями своего класса.

Мир обновленного обучения яркий, удивительный, многогранный. В нем комфортно чувствуют себя и учителя, и ученики. Войдите в этот мир и станьте его полноправным хозяином. Откройте для себя его тайны и возможности, научитесь управлять его мощным потенциалом, сделайте свою работу намного интереснее и эффективнее, а своих учеников благодарными, успешными и счастливыми.

Список литературы:

- 1.<http://ru.bilimainasy.kz/?p=108>
- 2.<http://sc0002.atbasar.akmoedu.kz/documents/view/5d2f06cc312bea507f1ee504ddd669bd.htm>
- 3.Пит Дадли. Руководство LessonStudy;
- 4.<http://www.edu54.ru> Вернер П.Г. Применение активных методов на уроках в начальной школе.
- 5.<http://tatianakhromov.ucoz.ru> Хромова Т.Н. Активные методы обучения
6. АНГЛИЙСКИЙ ЯЗЫК, Учебная программа (в рамках обновления содержания среднего образования)

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДАҒЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ – ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІГІН БАҒАЛАУ

Асанова Гульзада Кабдубековна
Исетова Бағытжан Кабдилкапаровна
«Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі
Бауыржан Момышұлы атындағы № 5 ОМ» ММ

Аннотация

Бұл мақалада математика сабағында оқушылардың оқу жетістігі мен оқыту үшін критериялды бағалауды қолданудың негізгі мәселелері қозғалады. Автор критериялды бағалауды оқушылардың тұлғалық тұрғысынан қарастырады. Математиканы оқытуда критериялды бағалауды қолдану арқылы оқыту сапасын жоғарылату мен оқушылардың білімін міндетті деңгейден мүмкін деңгейге жетелеу жолдарын қарастырады.

Аннотация

В данной статье рассматриваются основные проблемы применения критериального оценивания учебных достижений учащихся на уроках математики. Автор обосновывает необходимость использования критериальной системы оценивания на уроках математики для объективного определения уровня учебных достижений учащихся, повышения качества образования в целом и уровня учебных достижений каждого ученика.

Abstract

Goal. in this article there are considered the main issues relating to criteria-based assessment of pupils' educational achievements at mathematics. The author proves the necessity of using the

criterion of evaluation systems at mathematic lessons to objectively determine the level of students' educational achievements, improve the quality of education in general and the level of educational achievements of each student.

Кілтмі сөздер: критериалды бағалау, қалыптастырушы бағалау, ішкі жиынтық бағалау, өзін-өзі бағалау, рубрикатор, критерий, дескриптор, кері байланыс, коммуникация, рефлексия

Ключевые слова: критериальное оценивание, формативное оценивание, суммативное оценивание, самооценка, рубрикатор, критерий, дескриптор, обратная связь, коммуникация, рефлексия

Keywords: criteria-based assessment, formative assessment, summative assessment, self-assessment, rubricator, criterion, descriptor, feedback, communication, reflection.

Қазіргі кезде білім беру парадигмасы өзгерді. Ол бұрын пәнге бағытталған түрде жүргізілсе, енді жеке тұлғаға бағытталған түрде жүргізілетін болды. Бұл-қоғамдағы өзгерістерге байланысты туындаған объективті процесс. Бұрынғы оқыту технологиялары оқушылардың жалпы оқуға деген ұмтылыстары мен біліктіктерін қалыптастыруға бағытталған еді. Онда оқытылатын пәннің өзі оқыту мақсаты тәрізді болатын да, ал оқушы - соған жету құралы болып саналатын. Осының нәтижесінде көптеген оқушыларда оқуға деген оң көзқарас қалыптаспайтын.

Бүгінгі күні бізге, елімізге дені сау, рухы таза, ойлары биік адамдар қажет, олар алдарына өресі мол мақсаттар қойып, соған жетуге тырысады. Беретін пәніне қарамастан, мұғалім осындай тұлғаларды тәрбиелеуге тиіс, анығын айтқанда, балаларды жастайынан нағыз адам болуға, алдарына керекті мақсат қойып, оған жету жолында кездесетін қиындықтарды жеңе білетін тұлға ретінде дайындау керек.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 2018 жылғы 10 қаңтарындағы Қазақстан халқына арналған «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауындағы жетінші бағыты «Адами капитал – жаңғыру негізі» деп аталады. Онда Елбасы білім берудің жаңа сапасына басты назар аударады. «Барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет. Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімдімеңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс. Білім берудің барлық деңгейінде математика және жаратылыстану ғылымдарын оқыту сапасын күшейту», - керек деген.

Ендеше, оқушыларға математика білімінің қыр-сырын жетік таныту, қабілеттерін шыңдау, кез-келген ортада өзін еркін ұстауға, Қазақстан Республикасының азаматы деген атқа лайық болатындай етіп тәрбиелеу – біздің басты міндетіміз болмақ. Осы орайда оқушылардың білім деңгейін арттыру – маңызды іс. Бұл мәселе көптеген жылдар бойы қарастырылып келе жатыр. Математика, әр түрлі оқыту әдісіне қарамастан, шәкірттер үшін әрдайым қиын жұмыс болып қала береді. Математика күрделі болуына қарамастан, көптеген оқушылардың қызығушылығын да тудырады. Олардың өз интеллектуалдық деңгейін арттыру ұмтылысы мен тілегі бар. Сондықтан, оқушыға жеке тұлға ретінде өз мүмкіндіктерін ашып, ортасына «өзінің маңыздылығын таныту» болып табылады, яғни оқушы

Мен істеймін - өзінің пәнге деген қызығушылық тетігін табуы. Мен үшін керек – пәннің өз өміріне деген қажеттілігін сезінуі, талаптануы, оқуы, ізденуі. Мен істей аламын - өз біліміне деген сенімділігі.

Математиканың қиындығына, күрделілігіне қарамастан, болашақ ұрпақты осы пәнге қызықтыру, білім деңгейін көтеру біз үшін орасан зор жауапкершілікті қажет ететін оқыту әдісі болуы тиіс. Осы қажеттілікті шешу жолдарының бірі - оқушы білімін критериалды бағалау жүйесі бойынша сараптау. Критериалды бағалау оқушының оқу жетістігін бағалау. Бұл бүгінгі оқыту жүйесінде өзекті талаптардың бірі болып отыр.

Критериалды бағалау – оқушының оқу нәтижелерін білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес келетін, білім беру үдерісіне қатысушылардың (оқушы, мектеп әкімшілігі, ата-аналар, заңды тұлғалар және т.б.) барлығына алдын ала таныс, ұжым талқысынан өткен, нақты анықталған өлшемдер арқылы оқушының оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген үдеріс.

Математиканы оқытуда критериалды бағалаудың басты мақсаты оқыту сапасын жоғарылату және оқушылардың білімін міндетті деңгейден мүмкін деңгейге жетелеу. Ол үшін сабақтың әр бөліктеріндегі әр оқушының дайындық деңгейін бағдарламаға сәйкес оқу мақсаттарын орындау қабілетін анықтап, білім алу барысындағы қателіктері мен олқылықтарын айқындап алу керек. Енді осы бағалауды қалайша біз іс – тәжірибемізде қолданып жүрміз? Бастапқы кезеңде нақты түсінігіміз болмағанын әрине растаймыз. Әйтсе де, сабақ жоспарын дайындаған сәтте оны оқыту мақсатына сай жүзеге асыруға жұмыстана бастадық. Күнделікті құрылған сабақтарда қолданылған стратегиялар нәтижесінде оқушының оқу жетістігі мен оқыту үшін бағалауды қолдану мүмкіндігіне жеттік десек артық айтпағанымыз деп санаймыз. Бұл - сабақта күтілетін нәтижеге бағыттайтын баспалдақ. Ал баспалдақтан баспалдаққа, үнемі биікке көтерілу үшін оқушының сабаққа деген ынтасын ояту керек. Сабаққа зейіні ауған оқушының білімге деген құштарлығын қызықтырғыш элементтер арқылы артатыны белгілі.

Сабақ жүргізу барысында жеке бағытталған оқыту тәсілін қолданамыз, ол оқушы позициясын дамытуға жағдай туғызады, оқушының жеке бағытталған позициясын айқындайды, оқушы көзқарасын қолдайды, ынталандыру жұмысы жүзеге асады. Оқушының іс-әрекетінде негізделген тапсырмалар жеңілінен күрделісіне қарай жүйелі, әр-түрлі орындалу тәсілдерімен беріледі, нәтижесінде оқушылар өз ойларын жасқанбай еркін айтады. Сабақта әр бір оқушыға есептің шешімін өзіне табу жүктеледі, есептің жауабын дұрыс жауаппен салыстыру өз бетімен іздену, жұмыс жасау жүзеге асырылады. Оқу үрдісінде жеке, фронтальды жұмыспен бірге бірлесіп еңбектену принципі орын алады. Оқушылар өз қабілетін, ойларын, мүмкіндігін, қызығушылығын, өзінің эмоциясын жасқанбай еркін көрсете біледі, шабытпен қатысып, белсенділік танытады. Оқушыларда өзіндік білімін жетілдіру, өзіндік бақылау дағдылары дамытылады. Ынтымақтастық еркін тәрбие беріледі.

Әр мұғалім өзінің күнделікті жоспарын құрған кезде оқыту үшін бағалау әдісін енгізеді, ол бағалаудың не үшін қажет екендігіне ойлана отырып, сол арқылы оқушыдан күтілетін нәтижеге жұмысын бағыттайды. Оқыту үдерісінде жетістікке жету үшін мұғалім мен оқушы белгілі бір критерий арқылы білім нәтижесіне жетеді. Бағалау міне, осы тұста керек. Ол үшін мақсат пен нәтиже арасындағы сәйкестікті анықтайтын тапсырмалар мен жаттығулар жүйесіне, яғни оқушылардың сыни тұрғыдан ойлануға көмектесетін, әрі қолдау көрсететін әдіс-тәсілдерін іріктеп, анықтап аламыз. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау модулі бойынша жұмыс жасаймыз. Күнделікті сабақта оқушылар топтық жұмыста өздерін бағалай алады. Олар әр жұмыстың өзінше критерийі барын түсіне келе, оны салыстыра отырып, шынайы бағаға талаптана алады. Бұдан мұғалім мен оқушы арасындағы байланыс нығайып, сабақтың деңгейі артады. Бағалау парақшасына зейін қоя отырып, оны қолдануға бейімделе бастайды. Әр оқушы өзін көшбасшы ретінде қатарға қоя алады. Бұл да еркіндік, бұл да жаңаға ұмтылыс болып табылады.

Бағалау процесінде күмәнді ой туғызатын сәттері де бар. Оқушылардың өзін-өзі бағалауы кейде шындыққа жетпей ме деп ойланып қаламыз. Дегенмен мұндайда оқушының әрекетінен сол сәтте тіпті жақсы қадамға бару мүмкіндігі де туып жатады. Сыныптастарын бағалау оқушылар арасында маңызды рөл атқарады, себебі ол ынталандыру деңгейін көтереді, сынды қабылдауға ықпал етеді, өзіне және мұғаліммен пікірталасқа түсуіне сенімділігін арттырады, сондай-ақ мұғалімдерге үдерістен шығуға мүмкіндік береді. Сондықтан «Екі жұлдыз, бір тілек», «Мадақтау сэндвичі», тіпті кейде

сабақ үрдісінде «Керемет», «Тамаша», «Ризамын саған» сияқты мадақтаулармен де бағалауды қолданамыз.

Негізінде, баға қою - оқушыны оқуға міндеттейтіні белгілі. Бірақта, кейбір кезде оның кері әсер беретін тұстары да болады. Атап айтатын болсақ, жақсы оқитын оқушы нашар баға алмауы керек секілді ой туындайтынын ескерсек, бағаны қоюда оны қалай тиімді қолдануға болады деген сұрақ пайда болады. Осы тұста бүгінгі білім додасында бағалаудың қандай түрлері бар және оларды қалай пайдалануға болады деген тағы бір сауал көкірегімізге ұялайды. Ол үшін сабақта Блумның «Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау», М.М. Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясын», т.б. қолдану тиімді болады. Сабақ жоспары оқыту мақсатына сай жоспарланады. Ал мақсаттың толық жүзеге асуы үшін бірізділік принципі сақталады. Қолданылған стратегиялар мен тәсілдер негізінде сабақта күтілетін нәтижеге жету жолдары қарастырылады.

Енді бағалауға келсек, қалыптастырушы бағалауды күнделікті сабақта қолданып жүрміз. Оқушы топтық, жұптық, жеке жұмыстарда белгілі дағдыларға арналған тапсырмалар арқылы қалыптастырушы бағалауға жетсе, мұғалімнің пікірі арқылы «жеттімен» деп тағы бағаланады.

Қалыптастырушы бағалау оқыту үшін бағалау, ынталандыру, жетелеу, критерийлерді айқындау арқылы жүргізіледі, нақтылық осы «жетті» не «талпынадымен» деп бағаласақ, ішкі жиынтық бағалау арқылы оқушы жұмысы ұпаймен бағаланып, деңгейі салыстырылады да оқуды бағалау, жиынтық бағалау нәтижесінде тоқсандық бағаға қол жеткізеді.

Сабақ үстіндегі мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланыс мұғалімге біріншіден, оқытудағы кемшіліктерді анықтауға, екіншіден келесі сабақтар тізбесіне өзгерістерін енгізуге, яғни оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін қолдануға, уақытты тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Жоспарлы сабақтарға критерий құра отырып, берілген критерийлер арқылы оқушылар мен өзін-өзі бағалауда, бірін-бірі бағалауда олардың сабаққа деген ынтасының, өзіндік ойы, пікірі қалыптасқанын, есте сақтау қабілеттерінің, пайымдау, ажырату, жаңа бір ой тую, бір-бірінің, мұғалімнің алдында жауапкершіліктерінің артқанын аңғаруға болады. Оқушыларды бағалауда әділдік пайда болды, берілген критерийлер бойынша неге қол жеткізгендерін, нені білу қажет екендіктерін біліп отырады. Критериалды бағалау арқылы оқушылар өз деңгейлерін анықтай алады. Бұл олардың білім деңгейлерінің көтерілуіне ықпалын тигізеді.

«Тұжырым жасай білген адам, алдына мақсат та қоя біледі», - деген екен белгілі шығыс ойшылы. Олай болса, бағалауға деген көзқарасымызды өзгертсек, сабақтарымызға критерий арқылы бағалауды енгізіп, оқушыларымыздың тұлғалық бағытын белсенді позицияға бағыттасақ, тұлғаны өзіндік жауапкершілікке, нәтижеге жеткізу, ал оқушыларымыз әр сабақта белгілі бір нәтижеге жету барысында еңбектенсе, оқушы да, мұғалім де өз еңбектерінің табысын көре алады деп ойлаймыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 2018 жылғы 10 қаңтарындағы Қазақстан халқына арналған «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауы
2. Құдайбергенова К.С «Құзырлылық амалының негізгі ұғымдары»
3. Текеева Ж. Т. Критериалды бағалау - оқу жетістігін бағалау

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИКТ В ПРАКТИКЕ ПРЕПОДАВАНИЯ УЧИТЕЛЯ ИСТОРИИ В УСЛОВИЯХ ОБНОВЛЕНИЯ СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ

Аслямова Раиса Галимовна
КГУ «Тобольская СШ № 116»